2 Футболды дамыту мәселесі талқыланды

4 Диқан ана







# Сыр бойы

№122 (21197) 18 тамыз, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


ПРЕЗИДЕНТ

## АЛДАҒЫ ЖЫЛДАРДЫҢ ДАМУ БОЛЖАМЫ



Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен ұлттық экономиканы дамыту және бюджетті жоспарлау мәселелері жөнінде кеңес өтті.

Іс-шараға Премьер-министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің басшысы Роман Скляр, Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов, Жоғары аудиторлық палата төрағасы Әлихан Смайылов, Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, Президенттің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі Нұрлан Байбазаров және Қаржы министрі Мәди Тәкиев қатысты.

Президентке экономиканың қазіргі ахуалы туралы баяндалып, 2027-2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамдары, 2027-2029 жылғы республикалық бюджет параметрлері жөнінде мәлімет берілді.

Талқылау барысында Мемлекет басшысы биыл экономикалық өсім көрсеткіштеріне қол жеткізу, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджет теңгерімділігін қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар 2027-2029 жылдарға арналған бюджеттің негізгі басымдықтарының бірі – аурухана, балаларды оңалту орталығы, мәдениет, спорт ғимараттары секілді инфрақұрылымдық және әлеуметтік нысандар құрылысын жеделдетіп салу керек екенін айтты.

## ҚОРҒАУ НҰСҚАМАСЫ – ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛУ ҚҰРАЛЫ

Қызылорда облысында жыл басынан бері 1600-ден астам адамға қатысты қорғау нұсқамасы шығарылып, 430-ға жуық адамға ерекше талаптар белгіленді.

Облыстық полиция департаменті хабарлағандай, қорғау нұсқамасының талаптарын бұзған 120-дан астам адам Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 461-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

– Сонымен қатар есепті кезеңде отбасылық-тұрмыстық салада 50-ге жуық қылмыс тіркелді. Жыл басынан бері шығарылған қорғау нұсқамасының саны өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,6 пайызға артты. Бұл – құқық қорғау органдарының отбасылық-тұрмыстық жанжалдар мен зорлық-зомбылықтың алдын




алу бағытындағы профилактикалық шараларының нәтижесі, яғни анықталған қауіп-қатерлерге уақытылы ден қою тетіктері белсенді қолданылғанын көреміз. Қорғау нұсқамасының шығарылуы зорлық-зомбылық фактілері көбейді дегенді білдірмейді. Керісінше бұл – жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және зорлық-зомбылықтың қайталануына жол бермеу мақсатында қолданылатын негізгі профилактикалық шаралардың бірі.

2-бет

СЕМИНАР

## ЭКСПОРТҚА БАСТАР ЖОЛ




*Фото ЖИ арқылы жасалды*

Қызылордада отандық өндірісті қолдау, өңделген өнім үлесін көбейту және өңір кәсіпкерлерінің сыртқы нарыққа шығу мүмкіндігін кеңейтуге арналған оқу-семинар өтті. Облыс әкімдігінде ұйымдастырылған кездесуге 100-ден астам кәсіпкер, мемлекеттік орган, даму институты мен салалық ұйым өкілдері қатысты. Жиынның ерекшелігі – экспорт туралы жалпы ұранмен шектелмей, өнімді шетелге шығарудың нақты тізбегін: нарықты таңдаудан бастап сертификаттауға, логистикадан қаржыландыруға, бренд қалыптастырудан төлем қауіпсіздігіне дейінгі мәселелерді бір алаңда қарастыруында болды.

Семинарды облыс әкімінің орынбасары Нұриддин Аманқұл ашып, жергілікті кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен сыртқы нарықтарға шығуын қолдау мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты екенін атап өтті. Бағдарламада QazTrade, QazIndustry, Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі және Түркиядан келген Alyors Group сарапшысының жеке блоктары қарастырылған.

### ШИКІЗАТТАН – ДАЙЫН ӨНІМГЕ

Бұл тақырыптың Қызылорда үшін маңызы өңірдің экспорт құрылымынан анық көрінеді. QazTrade ұсынған мәлімет бойынша 2025 жылы облыс экспорты 586,2 млн АҚШ долларын құраған. Оның 77 пайызы мұнай мен уранға тиесілі. Экспорттың 51,2 пайызы Қытайға, 38,2 пайызы Ресейге бағытталған, яғни екі нарықтың үлесі 89 пайызға жетеді. Дегенмен өңделген және шикізаттық емес тауарлар арасында өсім бар: күріш экспорты 6,7, тұз 18,2, жылтыратылған шыны 36,1 пайызға ұлғайған. Балық өнімдері де өңір экспортының тұрақты бағыттарының бірі болып отыр.

Сол себепті жиында «қанша экспорттаймыз?» деген сұрақтан гөрі «тағы нені экспорттай аламыз?» деген мәселе алдыңғы қатарға шықты. QazTrade бағалауынша, Қызылорда облысының дайын және өңделген өнім бойынша қосымша экспорттық әлеуеті жылына 72-218 млн доллар аралығында. Оның 93 пайызы шикізаттық емес секторға тиесілі. Негізгі резерв күріш пен жарма өнімдерінде, керамика мен шыныда, агроөнеркәсіп және тағам өндірісінде, балық өнімдерінде, полимерлер мен құрылыс материалдарында жатыр. Жоғары басымдық берілген тауарлардың қатарында күріш, күріш кеспесі, балық филесі, тұз және санитарлық керамика бар.

QazTrade өкілі Нұрлан Құлбатыров кәсіпкерлерге отандық өнімді ілгерілету құралдары мен сыртқы нарыққа шығудың қолданыстағы арналары туралы баяндады. Кәсіпкерлер үшін ең өзекті сұрақтардың бірі – өнімді қай елге ұсыну және алғашқы сатып алушыны қалай табу. Осы ретте сауда-экономикалық миссиялар, халықаралық көрмелер, B2B кездесулер және Made in Kazakhstan цифрлық платформасы секілді құралдардың мүмкіндігі түсіндірілді.

Мұндай қолдау кәсіпкерге дайын сатып алушыны қолына ұстатып берумен шектелмейді. Оның мақсаты – компанияны сыртқы нарыққа шығуға дайындау, іскерлік байланыс орнататын алаңдарға қосу және қазақстандық өнімнің тұрақты көрінуіне жағдай жасау.

2-бет

НАЗАР

## КӘСІПКЕРЛІК – ЭКОНОМИКА ҚУАТЫ

Жергілікті өнім өндірісін арттыру үлен басымдыққа ие. Қазір облыс орталығында түрлі мақсатта өнім шығаратын кәсіпорындар көбейіп келеді. Бірқатарын облыс әкімі Мұрат Ергешбаев аралап көріп, кәсіпорындарды дамыту бойынша жауапты сала басшыларына тапсырма берді.



Аймақ басшысы Белкөл кентіндегі «Вега Пром» ЖШС-ның автоклавты газоблок пен құрғақ құрылыс қоспаларын өндіру зауытына барды.

Кәсіпорынның жылдық өндірістік қуаты 30 мың текше метр, құрылысқа 30 адам тартылған. Қазіргі таңда нысанда техникалық іске қосу жұмыстары жүргізілуде. Мемлекеттік қолдау аясында 3 гектар жер телімі беріліп, қажетті құрал-жабдықтар мен техникалар Қытайдан жеткізілген. Кәсіпорынды қыркүйек айында толық іске қосу жоспарланып отыр.

Дәл осы аумақта орналасқан асфальтбетон өндірісі «Орда автодор» ЖШС-нің жеке қаражаты есебінен іске қосылған. Сағатына 60 тонна асфальтбетон қоспасы өндіріледі, жоба құны 1 млрд теңге. Бүгінде өндірілген өнім ішкі нарықтың сұранысын толық өтеуде.

Келесі нысан – қала орталығында салынып жатқан «Пана Қаракөз» қонақүйі. Заманауи үлгідегі қонақүйде 70-ке жуық нөмір қарастырылған. Сондай-ақ келушілерге қолайлы жағдай жасау мақсатында заманауи технологиялар енгізілмек. Мұнан бөлек ғимаратта «Тағу» этно-кофеханасы орналасатын болады. Қазіргі уақытта ғимараттың іші әрленіп, қасбеті қапталып жатыр. Қонақүй биыл пайдалануға беріледі.

Облыс әкімі балық шаруашылығын дамыту мақсатында құрылған «Хан Бекіре» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің жұмысымен де танысты. Жоба құны 31,4 млн теңге, негізгі өндірістік қуаттылығы жылына 28 мың тонна. Мұнда альянский, орыс бекіресі, янтарь және форель өсіріліп, облыс аумағына сатылымға шығарылады.





Сондай-ақ аймақ басшысы «Шапағат» жеке кәсіпкерлігінің жылыжай шаруашылығын аралады. Кәсіпкер озық технологияларды пайдалана отырып, бау-бақша өнімдерін өсірумен айналысады. Құны 45 млн теңге, аумағы 1 200 шаршы метр жылыжайда Ташкент лимоны мен қиярдың бірнеше түрі өсірілуде.

**«СБ» ақпарат**

| Валюта бағамы: | $ 464,02 kzt | € 536,18 kzt | ₽ 5,54 kzt |
|---|---|---|---|

| Ауа райы: | | |
|---|---|---|
| Сейсенбі | ☀ +32⁰ | ☾ +19⁰ |
| Сәрсенбі | ☀ +32⁰ | ☾ +20⁰ |

№122 (21197) 18 тамыз, сейсенбі 2026 жыл

# ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ҮЛГІСІ




Кеше Қазақстан Республикасы Парламентінің 30 жылдығына орай өткен салтанатты шараға зиялы қауым өкілдері, облыстық, қалалық және аудандық мәслихат төрағалары мен депутаттары қатысты.

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаев Қазақстан Парламентінің ел тәуелсіздігін нығайтудағы және мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі ерекше рөліне тоқталды.

– Отыз жылдан астам уақытта Қазақстан Парламенті тәуелсіз еліміздің құқықтық негізін қалыптастыруға, мемлекеттік институттарды нығайтуға және еліміздің тұрақты дамуына зор үлес қосты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Елімізде саяси және заңнамалық тұрғыдан сапасы жоғары парламенттік мәдениет қалыптасты. Бұл – Қазақстанды дамыған ел ретінде айқындайтын ең маңызды көрсеткіштің бірі. Парламенттің әрбір шақырылымы Қазақстанның алға қарай нық сеніммен қадам басуына зор серпін берді» деген болатын.

1995 жылғы Конституцияның қабылдануы қос палаталы кәсіби Парламенттің қалыптасуына жол ашты. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған үш жарым мыңға жуық заң қабылданды, мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісі қалыптасты.

Конституциялық реформалардың нәтижесінде Парламенттің өкілеттігі кеңейіп, депутаттық корпус пен азаматтық қоғам арасындағы байланыс нығайды.

1995 жылдан бері өңірімізден 27 азамат Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісіне депутат болып сайланды. Олар аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелердің шешілуіне зор үлесін қосты. Арал өңірінің экологиялық ахуалы, су қауіпсіздігі, ауылдарды қолдау, инфрақұрылымды жаңғырту, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту бағытындағы бастамалар – соның айқын дәлелелі.

Осы ретте ұлт мүддесін бәрінен биік қойып, елге адал қызмет еткен аймағымыздан сайланған Парламент депутаттарына барша Сыр жұртшылығының атынан шынайы алғысымды білдіремін, – деді облыс әкімі.

Шарада Биғали Қаюпов, Балайым Кесебаева сөз сөйлеп, ел дамуына сүбелі үлес қосып жүрген бірқатар азамат «Қазақстан Республикасының Парламентіне 30 жыл» медалімен марапатталды.

**«СБ» ақпарат**

# ҚОРҒАУ НҰСҚАМАСЫ – ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛУ ҚҰРАЛЫ

Әрбір қорғау нұсқамасы бойынша оның талаптарының сақталуына бақылау жүргізіп, құқық бұзушының мінез-құлқын бақылауда ұстаймыз. Келеңсіз жағдай қайталанса, қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті шаралар қабылданады, – деді департаменттің қоғамдық қауіпсіздік басқармасы бөлімінің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы, полиция подполковнигі Замира Сайқондықызы.

Полиция өкілі жұмыстың негізгі бағыты – отбасылық-тұрмыстық жанжалдардың асқынуына жол бермеу, зорлық-зомбылықтың қайталану тәуекелдерін ерте анықтау және жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету екенін атап өтті.

– Біз зорлық-зомбылық жасаған адамға қатысты шаралар қабылдаумен шектелмейміз. Оның мінез-құлқын одан әрі бақылауға және қайталанған құқықбұзушылықтардың алдын алуға күш саламыз. Қорғау нұсқамасы шығарылғандар профилактикалық бақылауға алынып, олардың тұрғылықты жері бойынша тексеру, профилактикалық әңгімелесу жүргізу, белгіленген шектеулердің сақталуын бақылау және қажет болған жағдайда тиісті профилактика субъектілерімен бірге қосымша шаралар қабылдау қамтамасыз етіледі. Нұсқама талаптарын бұзған немесе зорлық-зомбылық әрекеттерін қайталаған жағдайда қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті құқықтық шаралар қабылданады, – дейді ол.

**Назерке САНИЯЗОВА,**
**«Сыр бойы»**

1-бет

/// ҚАБЫЛДАУ

# ФУТБОЛДЫ ДАМЫТУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаев Қазақстан футбол федерациясының бас хатшысы Манн Скотты қабылдады. Кездесуде аймақ спортын, соның ішінде футболды дамыту мәселесі талқыланды.

– Бүгінде өңірімізде футболды дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Біздің мақсатымыз – бұқаралық футболдан бастап кәсіби клубқа, академияға және Ұлттық құрамаға дейінгі біртұтас жүйе қалыптастыру. «Қайсар» футбол клубы жекешелендіріліп, оның ұзақмерзімді дамуына жаңа мүмкіндік берілді. Қазіргі таңда клубтың заманауи базасы мен академиясы салынуда. Бұл нысандар балалар-жасөспірімдер футболын дамытып, клубтың өз тәрбиеленушілерін негізгі командаға жеткізеді.

Сонымен қатар қызылордалық команда Қазақстан Кубогының жартылай финалына шықты. «Жеңіске» қарсы алғашқы жартылай финалдық ойында «Қайсар» 3:1 есебімен жеңіске жетті. Екінші жартылай финалдық кездесу 19 тамызда өтеді. Осы ретте сіздермен бірлесіп өңір футболын дамыту мақсатында ауқымды жұмысты атқаруға шақырамын, – деді облыс әкімі.

Өз кезегінде Манн Скот ризашылығын білдіріп, ұсыныстарды бірлесіп талқылауға ниетті екенін жеткізді.

Айта кетейік, 2022 жылдан бері аймақта 27 спорт нысаны пайдалануға берілді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен 11 мың орындық «Қайсар Арена» стадионы салынып, өткен айда УЕФА-ның IV санатты жоғары мәртебесі берілді. Облыс орталығында аумағы 25 мың шаршы метрлік «Қызылорда Арена» спорт кешені бой көтеруде. Бұдан бөлек, кәсіпкерлердің демеушілігімен, Ұлттық компаниялар, спорт федерацияларының қолдауымен маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, Қазақстан футбол федерациясының қолдауымен Ғ.Мұратбаев атындағы стадионның қосалқы алаңы мен Жалағаш ауданының орталық стадионы күрделі жөндеуден өтті. «Самұрық Қазына Траст» қорымен бірлесіп Қызылорда қаласында «Теннис орталығы» ашылды.

Өткен жылы «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Шиелі, Жалағаш аудандарында жаңа спорт кешені және Қызылорда қаласында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған заманауи Инклюзивті спорт орталығы ел игілігіне табысталды.

Бүгінде облыста 377 мыңнан астам тұрғын бұқаралық спортпен шұғылданады.

# ЭКСПОРТҚА БАСТАР ЖОЛ

## ШЫҒЫННЫҢ ҚАЙ БӨЛІГІ ӨТЕЛЕДІ?

Кәсіпкерлерді қызықтырған маңызды мәселенің бірі – экспортқа жұмсалған шығынның қандай бөлігі мемлекет есебінен өтелетіні. QazTrade таныстырылымында шетелдік көрмелер мен жәрмеңкелерге қатысу, тауар белгісін тіркеу, шетелдегі өкілдік пен қойманы ұстау, сертификаттау, жарнама және тасымалдау шығындары бойынша қолдау қарастырылғаны айтылды. Тауарды ілгерілетуге қатысты шекті сома 13 мың АЕК-ке дейін, ал жеткізу мен тасымалдауға 75 мың АЕК-ке дейін белгіленген. Өтем көлемі өңдеу деңгейі мен кәсіпкерлік субъектісінің санатына қарай есептеледі.





Өндірістік қолдау шараларына «QazIndustry» Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ Бизнесті ынталандыру дирекциясының басшысы Дархан Жұмаділов тоқталды. Ол еңбек өнімділігін арттыру, мамандардың біліктілігін көтеру, заманауи басқару технологияларын енгізу, энергия аудитін өткізу, жаңа технологиялық және цифрлық жабдық сатып алуға жұмсалған шығындарды өтеу тетіктерін түсіндірді.

QazIndustry бағдарламасы бойынша мұндай шығындардың 40 пайызына дейін өтеу қарастырылған. Қызметкерлер құзыретін арттыруға 30 млн теңгеге дейін, өндірісті ұйымдастыру тиімділігіне 20 млн теңгеге дейін, технологиялық процестер мен цифрлық жабдыққа 60 млн теңгеге дейін қолдау көрсетіледі.

Кәсіпкерлер жаңа жабдық сатып алу, мамандарды оқыту, сертификаттау және өтінім беру тәртібіне қатысты сұрақтарына да жауап алды. Қолдау алу үшін кәсіпорынның тиісті талаптарға сәйкес болуы, салық берешегінің болмауы және қажетті құжаттарды электронды түрде ұсынуы тиіс.

## БЕС СҰРАҚ ЖӘНЕ АЛТЫ ТЕКСЕРУ

Семинардың тәжірибелік бөлігіне Түркия Республикасынан арнайы келген Alyors Group холдингінің экспорт жөніндегі директоры Неджметтин Өнер ерекше екпін берді. Оның «Экспорт және брендинг» тақырыбындағы баяндамасы экспортты тек шекарадан тауар өткізу деп қарамай, алдын ала есептелген бизнес-модель ретінде құруға арналды.

Сарапшының презентациясында әр экспорттық мәміле бес негізгі сұраққа жауап беруі тиіс екені көрсетілді: «Мен нені сатамын?», «Кімге және қайда сатамын?», «Қандай бағамен және қандай жеткізу шартымен сатамын?», «Тауар қалай жетеді?», «Төлемді қалай қамтамасыз етемін?». Яғни өнім сипаттамасы мен техникалық талаптан бастап мақсатты нарық, экспорт бағасы, Incoterms, тасымал, кедендік рәсімдер, құжаттар және төлем қауіпсіздігі, бәрі келісімге дейін айқындалуы қажет.

Өнер экспортқа дайындықты алты бағыт бойынша тексеруді ұсынды. Біріншісі – қуат: кәсіпорын бір реттік емес, қайталанатын тапсырысты тұрақты орындай ала ма? Екіншісі – құн: зауыттан шыққан өнім бағасына логистика, фрахт және өзге шығындар қосылғанда тауар бәсекеге қабілетті болып қала ма? Үшіншісі – сертификаттау: өнім мақсатты елдің талаптарына сай ма? Төртіншісі – қаптама: халықаралық нарыққа лайық тіл, міндетті ақпарат және тасымалдауға төзімді орама бар ма? Бесіншісі – өнімнің сақтау мен тасымалдау кезеңіндегі төзімділігі. Ал алтыншысы – айналым қаражаты: шетелдік төлем түскенге дейін өндірісті қаржыландырып, тапсырысты тоқтатпай орындауға мүмкіндік бар ма?

Осы тұста брендинг мәселесі де экспорттың ажырамас бөлігі ретінде қаралды. Өнім сапалы болғанымен, оның атауы, қаптамасы, нарыққа түсінікті сипаттамасы, сатып алушыға беретін құндылығы және тұрақты жеткізу қабілеті бір-бірімен үйлеспесе, халықаралық нарықта орнығу қиын. Әсіресе Қызылорда үшін күріш, тұз, балық, ет-сүт өнімдері, шыны, керамика мен құрылыс материалдары секілді бағыттарда шикізатты ғана емес, жоғары қосылған құны бар дайын өнімді брендпен ұсыну маңызды. Бұл өңір экономикасын бір немесе екі ірі экспорттық тауарға тәуелділіктен біртіндеп алыстатудың нақты жолдарының бірі.

Кездесу барысында кәсіпкерлердің қойған сауалдары да осы практикалық мәселелер төңірегінде болды: қай нарықты таңдаған дұрыс, шетелдік серіктесті қалай тексеруге болады, сертификат шығыны өтеле ме, жаңа жабдыққа жұмсалған қаражаттың бір бөлігін қайтару мүмкін бе, көрмеге қатысу мен логистикаға мемлекет қандай қолдау береді, экспорт бағасын қалай есептеу керек, тауардың жеткізу шартын қалай таңдайды, төлемнің қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеді, айналым қаражаты жетпеген жағдайда қандай қаржы құралына жүгінуге болады? Бір күндік семинар осы сұрақтардың әрқайсысын жеке институттың құзыретімен байланыстырып, кәсіпкерге қай мәселе бойынша қай ұйымға жүгіну керектігін нақтылап берді.

Нәтижесінде Қызылордадағы оқу-семинар экспорттың тек ірі кәсіпорындарға арналған күрделі бағыт емес екенін, оған жүйелі дайындалған шағын және орта бизнес те қадам жасай алатынын көрсетті. Өңірде экспортқа жарамды өнім бар, өндірістік тәжірибе бар, шетелдік нарыққа қызығушылық та жоғары. Ендігі мәселе – мүмкіндікті нақты келісімшартқа айналдыру. Ол үшін кәсіпорын өнім көлемін тұрақтандырып, сапа мен сертификатты қамтамасыз етіп, шығынды дәл есептеп, логистиканы жоспарлап, қаржылық тәуекелді азайтып, ең бастысы, өз тауарын халықаралық нарықта түсінікті әрі сенімді бренд ретінде ұсына білуі қажет.

Мұндай кездесулердің құндылығы да осында: кәсіпкерге «экспортқа шығу керек» деп қана айтпай, сол жолдың қай жерден басталатынын және әр кезеңде қандай құрал бар екенін көрсету. Экспорт алыстағы нарыққа жөнелтілген бір вагон немесе бір контейнер тауардан басталмайды. Ол кәсіпорынның өз мүмкіндігін дұрыс есептеуінен, нарықты зерттеуінен, сенімді серіктес табуынан және әр келісімнің тәуекелін алдын ала басқаруынан басталады.

**Бағлан АМАНЖОЛ,**
**«Сыр бойы»**

1-бет

/// САЙЛАУ - 2026

## ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫ!

2026 жылғы 23 тамыз күні Құрылтай сайлауы өткізіледі.

Өз тіркелген учаскеңізге келіп, сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін дауыс беруге мүмкіндігіңіз бар. Ол үшін жеке куәлігіңізбен бірге келуіңіз қажет. Егер де дауыс беру күні өзге аймаққа іссапармен барып немесе өзге де себептермен өз учаскеңізді ауыстырсаңыз, есептен шығару куәлігіңізбен бірге келуіңіз қажет.

Өз учаскеңізді saylau.orda.gov.kz. сайтынан көре аласыз!

Сіздің дауысыңыз маңызды!

/// БРИФИНГ

# ЕКПЕ – ІНДЕТКЕ ҚАРСЫ ҚАЛҚАН

Өңірімізде жұқпалы ауруларға қарсы жоспарлы егуден бас тартқандар қатары азаймай тұр. Биыл 6 айда олардың саны 2025 жылмен салыстырғанда 1,7 пайызға жоғарылады.

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті профилактикалық екпемен қамту деңгейі оптимальді көрсеткіштен төмен болғанын мәлімдеді.

– Біз денсаулық сақтау басқармасымен бірлескен жұмысты күшейттік. Жыл басынан бері 27 ата-ана екпе туралы көзқарасын өзгертіп, балалар екпе алды. Профилактикалық екпенің маңызы зор. Қызылша ауруының жиілеуіне байланысты іске қосылған қосымша егу науқанының нәтижесінде 5450 адам екпемен қамтылып, аурушаңдық төмендеген. Осы жылдың алғашқы 2 айында 25 дерек есепке алынса, наурыз, сәуір айларында бірде-бір дерек есепке алынған жоқ, – деді департамент басшысы Гүлмира Сыздықова.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының зертханалық жолмен расталған 11 жағдайы анықталды. 1403 тұрғын кене шағу дерегімен медициналық көмекке жүгініп, 14 күн дәрігердің бақылауында болды.

Есепті кезеңде бруцеллездің 21 жағдайы тіркелді. Оның 6-ы – 14 жасқа дейінгі балалар. Науқастардың 42,9 пайызы – ауылдық елді мекен тұрғындары. Барлығы бруцеллез ауруынан қолайлы аймақта тұрады. Бруцеллез жұқтырған науқастармен қарым-қатынаста болған 73 адам есепке алынып, лабораториялық зерттеу кезінде нәтижесі теріс болып шықты. Ауру ошақтарында қоршаған ортадан 73 сынама алынып, 8-інен немесе 22,9%-ынан оң нәтиже анықталды.

– Сәуір айынан бастап облыстық білім басқармасымен бірге лагерьлердің дайындығын тексердік. Әсіресе, санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу, нысандардың талаптарға сәйкестігі және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар тұрақты бақылауда. Зертханалық бақылау аясында лагерьлерден микробиологиялық және санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша 22 ауызсу сынамасы алынды. Сәйкессіздік анықталған жоқ. Шомылу маусымында балалардың қауіпсіздігі басты назарда. Осы орайда су айдындары мен жабық бассейндерден микробиологиялық, паразитологиялық, вирусологиялық және санитариялық-химиялық көрсеткіштерге 22 су сынамасы, топырақтан 10 сынама алынып, ол талапқа сәйкес келді. Маусым бойы су нысандары мен бассейндердің жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізіледі. Барлық лагерь аумағына профилактикалық дезинфекция, дезинсекция, дератизация жұмысы ауысым сайын жүргізілуде, – деді департамент басшысы.

Биыл 6 айда 314 әкімшілік хаттама толтырылды. 21 млн 160 мың теңгеден астам айыппұл салынып, 309 айыппұлдың 299-ы өндірілді.

**Назерке САНИЯЗОВА,**
**«Сыр бойы»**

ЕҢБЕК АДАМЫ



# ДИҚАН АНА

Зейнетке шықса да қол қусырып отырмайтын қария көп қой бізде. Әсіресе, ауылда тұратын үлкендер тынымсыз келеді. Жасынан еңбек етіп қалған олар бейнеттен қорыққан емес. Денсаулығы жарап тұрса, талай шаруаның басын қайыратынын көріп жүрміз. Жалпы Сырдағы елдің басым көпшілігі диқандыққа бейім емес пе? Ал біздің кейбір қарттарымыз әлі де кетпен шауып, қарық соғатыны рас.

Күлипа апа Қармақшы ауданына қарасты Төребай би ауылының тұрғыны. Қармақшы ауылында туып-өскен ол мектеп бітірісімен еңбекке араласқан. Ауыл ішіндегі өндірістік бригадада жұмыс істепті. Ал кейіннен Жамбыл облысындағы оқу орнынан есепші мамандығын алып, арнайы жолдамамен қазіргі өзі тұратын ауылға қызметке келген. Осында тұрмысқа да шығыпты.

– 1983 жылдан экономист болып қызмет бастадым. Есепші, одан соң Жосалы совхозында кадр бөлімінде жұмысты жалғастырдым. Кейін совхоз тарап кетті. Мен ауылдағы «Ақ көгершін» балабақшасында шаруашылық меңгерушісі болып, 2018 жылы зейнеткерлікке шыққанша сол жерден табан аудармай жұмыс істедім. Қазір қолымыз бос, қуатымыз баршылық. Қарап отырғанша диқан жолын жалғастырайын деп шештім, – дейді Күлипа апа.

Әкесі Молдахмет уақытында диқан болған. Ал қайын атасы белгілі күрішші екен. Ұлы Ғабитжан 2023 жылы «Қарасай» шаруа қожалығын ашса, былтырдан бері бұл тізгінді апаның өзі алған. Қазір 1,5 гектар жерге бақша өсіріп отыр.

– Бала күнімізден үйдегі бауырларымызбен бірге әкеме еріп, қауын-қарбыз, басқа да дақылдарды егетінбіз. Әр ұяны бірлеп, отағын отап, кейіннен пәлегін қайыруды кішкентай күнімізден үйретті. Салма ішіне түскен түйнектің суда қалып қоймауына дейін қадағалайтынбыз. Сол көргеніміздің ізі шығар, қазір де әкеден үйренген осы кәсіпті тоқтатқан жоқпын. Жыл сайын піскен қауын-қарбыз, асқабағымызды Байқоңыр мен Төретамға өткіземіз. Одан түскен пұлға немерелерімнің киімдерін, қысқы азық, одан қалды малға жем-шөп сатып алып жүрміз, – дейді ол.

Апаның бақшасының пісуіне аз күн қалғандай. Пәлек арасындағы түйнектер үлкейгелі біраз болыпты. Қазір мал мен құстың піскен дақылға үйір келетін уақыты емес пе?! Диқан апаның бақшаны қызғыштай қорып отырған жайы бар.

– Жолдасым Қарасай 2008 жылы дүниеден өтті. «Орнында бар – оңалар» деген, шүкір, үш ұл-қыз өсірдік. Үлкен қызым Райкүл облыс орталығында тұрады, өзі мұғалім. Кіші қыздың аты Назгүл, медицина қызметкері. Ұлым Ғабитжан қолымда, аудан орталығындағы білім бөлімінде қызметі бар. 10-нан аса немере шапқылап жүр. Еңбекпен келген несібенің адал болатынын осыларға ұқтырсам деймін. Тәуба, қара жерді қадірлей білсең, уысың толатыны анық. Тек ерінбесең болғаны, – деп ағынан жарылды Күлипа апамыз.

**Ержан ҚОЖАС,**
**«Сыр бойы»**

АУЫЛ АМАНАТЫ

Ауыл тіршілігінің күретамыры – мал шаруашылығы. Ал төрт түліктің саулығы мен одан алынатын өнімнің қауіпсіздігі ветеринар маманның білімі мен жауапкершілігіне тікелей байланысты. Бүгінде бұл сала да уақыт талабына сай өзгеріп келеді: дәстүрлі тәжірибенің орнын заманауи диагностика, жаңа технология мен кәсіби қызмет толықтыруда. Осындай жаңашылдықты ауылға жеткізіп жүрген мамандардың бірі – Сырдария ауданының Тереңөзек кентінде еңбек ететін ветеринар Дана Ашабаева.

# «МЕН ҮШІН МАҢЫЗДЫСЫ – АУЫЛҒА ҚАЖЕТ ҚЫЗМЕТТІ ҚОЛЖЕТІМДІ ЕТУ»



Мамандығын кәсіппен ұштастыра білген оның еңбек жолы қарапайым басталған. Ветеринар дәрігер мамандығын алған Дана бірнеше жыл Қызылорда қаласындағы ветеринариялық дәріханада жұмыс істеп, тәжірибе жинайды. Кейін тұрмысқа шығып, Тереңөзекке қоныс аударған соң аудан орталығында арнайы ветеринариялық дәріхана жоқ екенін байқайды. Бұл ауыл тұрғындары үшін едәуір қолайсыздық туғызатын. Малға немесе үй жануарларына қажетті дәрі-дәрмек үшін облыс орталығына баруға тура келетін. Осы мәселені көрген жас маман бос тұрған нарыққа кәсіп көзі ретінде ғана емес, ауылға қажет қызмет ретінде қарады.

– Алғашында бәрін өз күшіммен бастауға тура келді. Өз қаражатыма ғимарат жалдап, қажетті дәрі-дәрмектерді сатып алдым. Кейін бизнесті дамыту үшін «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы екі миллион теңге жеңілдетілген несие алдым. Қазір жергілікті тұрғындар ветеринариялық препарат іздеп облыс орталығына сабылмайды. Дәріханада ауыл шаруашылығы және үй жануарларына қажетті дәрілерді алып қана қоймай, оларды дұрыс қолдану, аурудың алдын алу жөнінде кәсіби кеңес те ала алады, – дейді Дана Ашабаева.

Кәсіпкердің бастамасы бір дәріханамен шектелген жоқ. Ауданда мал шаруашылығының өркендеуі ветеринариялық қызметке деген сұранысты арттыра түсті. Әсіресе малдың буаздығын ерте анықтау шаруалар үшін маңызды мәселелердің бірі еді. Осы қажеттілікті ескерген кәсіпкер «Ауыл аманаты» бағдарламасының мүмкіндігін пайдаланып, құны жеті миллион теңге болатын заманауи ультрадыбыстық зерттеу аппаратын сатып алды. Жаңа құрылғыны кәсіби деңгейде меңгеру үшін арнайы оқудан да өтті.

Бүгінде бұл аппараттың көмегімен сиыр, қой мен ешкінің буаздығын 40-45 күннен бастап анықтауға болады. Бір қарағанда қарапайым көрінетін мұндай диагностика шаруашылық үшін үлкен мәнге ие. Малдың жағдайын ерте білу арқылы оның күтімін дұрыс ұйымдастыруға, ветеринариялық шараларды уақытында жүргізуге және табынның өсімін алдын ала жоспарлауға мүмкіндік туады.

– Мал шаруашылығы – халқымыздың ежелден келе жатқан кәсібі. Бірақ бүгінгі таңда оны тек дәстүрлі тәсілмен дамыту жеткіліксіз. Қазір дәлдік пен технология қажет. Мемлекеттік қолдаудың арқасында заманауи аппарат алып, ауыл тұрғындарына бұрын қолжетімсіз болған қызметті ұсына бастадық. Ерте диагностика мал иесіне уақытты да, қаражатты да үнемдеуге көмектеседі, – дейді ветеринар.

Дананың тәжірибесі ауыл кәсіпкерлігін қолдауға бағытталған бағдарламалардың нақты нәтижесін көрсетеді. «Ауыл аманаты» ауыл және шағын қала тұрғындарына жеңілдетілген несие беру арқылы кәсіп бастауға, жұмыс істеп тұрған істі кеңейтуге және жаңа қызмет түрлерін енгізуге мүмкіндік береді. Мұндай қолдау, әсіресе, ауыл шаруашылығы басым өңірлер үшін маңызды.

Өйткені ауылдағы кәсіптің құны тек табыспен өлшенбейді. Бір кәсіпкердің бастамасы кейде тұтас елді мекеннің тұрмысын жеңілдетеді. Дана Ашабаеваның ветеринариялық дәріханасы тұрғындарды облыс орталығына барудан құтқарса, жаңа диагностикалық аппарат мал шаруашылығына заманауи қызметті жақындатты. Оның еңбегі бұған дейін де елеусіз қалған жоқ. 2018 жылы Сырдария ауданындағы алғашқы ветеринариялық дәріхананы ашқаны үшін бір миллион теңге көлемінде ақшалай сыйлыққа ие болып, «Үздік жас кәсіпкер» номинациясымен марапатталған. Ал кәсіпкердің алдағы мақсаты бұдан да ауқымды. Ол Тереңөзекте заманауи ветеринариялық клиника ашып, салаға қатысты бірнеше жаңа жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Бұл – бір маманның ғана жетістігі емес. Бұл ауылда білім мен бастама, кәсіби тәжірибе мен мемлекеттік қолдау тоғысқанда қандай өзгеріс жасауға болатынын көрсететін мысал.

– Мен үшін ең маңыздысы – ауыл тұрғындарына қажет қызметті өз жерімізде қолжетімді ету. Бұрын қарапайым ветеринариялық дәрі-дәрмек немесе тексеру үшін Қызылордаға баруға тура келетін. Қазір сол қажеттіліктің бір бөлігін Тереңөзектің өзінде өтеуге мүмкіндік бар. Алдағы уақытта ветеринариялық клиника ашып, қызмет түрлерін көбейткім келеді. Мемлекеттік қолдау біз секілді ауыл кәсіпкерлеріне жаңа мүмкіндіктер беріп отыр. Ең бастысы – сол мүмкіндікті ел игілігіне жарата білу, – дейді мал дәрігері.

Бүгінде ауылға тек жаңа техника немесе қаржы ғана емес, сол мүмкіндікті ел игілігіне айналдыра білетін іскер адамдар қажет. Дана Ашабаева секілді мамандардың еңбегі ауылдағы ветеринарияның да жаңарып, заманмен бірге дамып келе жатқанын аңғартады. Ал төрт түліктің саулығына қызмет ететін мұндай бастамалар түптеп келгенде ауыл шаруашылығының тұрақтылығына, халықтың табысына және азық-түлік қауіпсіздігіне қызмет етеді.

**Бағлан АМАНЖОЛ,**
**«Сыр бойы»**

## «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның 2026 жылға арналған электр энергиясын бөлшек саудада өткізу қызметтеріне (электрмен жабдықтау) шекті бағасының жоғарылатылуы және негіздеуші материалдары туралы АҚПАРАТ

**Құрметті тұтынушылар!**

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚЭТТК» АҚ) Әлеуметтік маңызы бар нарықтардағы баға белгілеу қағидаларының (бұдан әрі – қағидалар) 44-тармағына сәйкес электр энергиясын бөлшек саудада өткізу (электрмен жабдықтау) қызметтеріне бағаның алдағы көтерілуі туралы ақпаратты Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша Департаментіне (бұдан әрі – Департамент) келісуге жіберілгені туралы хабарлайды,шекті бағаны көтеру 2026 жылғы 14 қыркүйектен бастап жоспарлануда.

**Электр энергиясын бөлшек саудада өткізу (электрмен жабдықтау) қызметтеріне сараланған шекті бағалардың жобасы**

Қызылорда облысының тұтынушылары үшін жобаға сәйкес 1 кВт*сағ үшін болжамды тарифтер ҚҚС-сыз:

1. Орташа босату тарифі – 37,48 теңге, қолданыстағы 29,79 теңге орташа босату тарифінен 7,69 теңгеге немесе 25,8%-ға ұлғая отырып.
2. Жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 32,04 теңге
   1-деңгей – 30,38 теңге;
   2-деңгей – 38,45 теңге;
   3-деңгей – 48,06 теңге.
3. Бюджеттік ұйымдар үшін тариф – 41,80 теңге;
4. Өзге тұтынушылар үшін тариф – 41,80 теңге;
5. ӘМБАТТ, АЭА және ИА кәсіпорындар үшін тариф – 37,48 теңге.

**Электрмен жабдықтаудың шекті бағасын көтерудің негіздемелері:**

1) Бірыңғай сатып алушының электр энергиясы бағасының, беру жөніндегі қызметтерге және электр қуатының жүктемені көтеруге электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге бағаның ұлғаюы нәтижесінде туындаған Қағидалардың 16-тармағына сәйкес келісілген шекті бағада ескерілген және нақты шығыстар арасындағы айырмасы.

2) жабдықтау үстемесінің ұлғаюы (ҚР заңнамасында белгіленген экологиялық апат аймақтарында тұру үшін қосымша төлемдерді ескере отырып еңбекақы төлеуге арналған шығындар (https://stat.gov.kz), материалдық шығындарды, өзге ұйымдардың қызметтері және т.б.).

3) Шекті баға құрылымында ескерілмеген Бірыңғай сатып алушының бағасының және ілеспе қызметтер тарифтерін өсуінен болған залалдарды ескере отырып табысты түзетуі.

Қазіргі таңда электр энергиясын бөлшек саудада өткізу (электрмен жабдықтау) қызметтері бойынша жоғарыда көрсетілген тарифтердің жобалары Департаментте қаралуда.

«ҚЭТТК» АҚ электр энергиясын бөлшек саудада өткізу (электрмен жабдықтау) қызметтері бағасының алдағы өсуі туралы толық ақпаратпен «Монополист» https://monopolist.gov.kz/ және «ҚЭТТК» АҚ https://www.krek.kz/ сайттарында танысуға болады.

## Хабарландыру

«Сыр бойы» КС» ЖШС 2026 жылдың 21 тамызы күні сағат 15:00-де Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33 мекенжайда серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде:

1. Серіктестіктің қатысушылары үлестерін азайту/көбейту, жаңадан қабылдау/шығару, несие лимитін бөлу, осы өзгерістерді серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына енгізу, уәкілетті органға тіркеу туралы.
2. «АНК» АҚ арқылы несие рәсімдеу шарты мен ережелерін, серіктестіктің жарғылық қорынан берілетін ережелеріне және серіктестік ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер енгізу, бекіту туралы.

Сонымен қатар қатысушыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, жиналыс ашылғанға дейін 3 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

**«Сыр бойы» КС»**
**ЖШС әкімшілігі.**
(БИН: 061 140 005 106)

## Кәсіпкерлерді әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу бойынша өтініштерді қабылдаудың басталғаны туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

**Ұйымдастырушы:** «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» КММ

**Орналасқан жері:** Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс 1

**Байланыс телефоны:** +7 (7242) 60-54-08, 60-54-07

**Өтінімдерді қабылдау нысанасы:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығы шеңберінде әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне өз қызметін әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) енгізіледі.

**Өтінімдерді беру орны:** Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс 1.

**Құжаттамаларды ұсыну мерзімі:** 2026 жылдың 1 маусымынан бастап 2026 жылдың 15 маусым аралығы (жұмыс күндері).

**Өтінімдерді берудің басталу күні мен уақыты:** 2026 жылдың «1» қыркүйек сағат 09:00.

**Өтінімдерді берудің аяқталу күні мен уақыты:** 2026 жылдың «15» қыркүйек сағат 19:00.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайтынын ескертеміз.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – қағидалар) сәйкес өз қызметін әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) енгізіледі.

**Әлеуметтік кәсіпкерлік тізіліміне келесі санатқа жататын кәсіпкерлер енгізуге үміткер бола алады:**

1 санат – келесі халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуға ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- мүгедектігі бар адамдарды;
- мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-аналарды және басқа да заңды өкілдерді;
- зейнеткерлерді және зейнеталды жастағы азаматтарды (жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқық беретін жасқа келгенге дейін бес жыл бойы);
- балалар ауылдарының тәрбиеленушілерін және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектерін – жиырма тоғыз жасқа дейін;
- қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдарды – босатылғаннан кейін алпыс ай ішінде;
- белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды;
- аз қамтылған, көпбалалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналарды және басқа да заңды өкілдерді, сондай-ақ «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарды;
- наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдарды – оңалту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде;
- қандастарды.

2 санат – бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарының тауарларын сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

3 санат – тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау, бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарына қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер;
- азаматтарды күту, сауықтыру, денсаулық жағдайын бақылау бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;
- әлеуметтік ортаға бейімделу үшін психологиялық жағдайды түзету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;
- мінез-құлықтағы ауытқулардың алдын алу бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;
- жұмысқа орналасуға және еңбекке бейімделуге жәрдемдесу жөніндегі қызметтер;
- коммуникациялық әлеуетті арттыруды, оңалту мен әлеуметтік бейімделуді көздейтін қызметтер, әлеуметтік қолдап отыру бойынша қызметтер;
- медициналық техниканы, протездерді, ортопедиялық құралдарды өндіру, аурулардың алдын алу, мүгедектерді оңалту үшін ғана пайдаланылатын денсаулық сақтау саласындағы БҚ әзірлеу;
- мүгедектер мен зейнеткерлердің демалысы мен сауығуын ұйымдастыру;
- қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары;
- мүгедектер мен халықтың мобильділігі төмен топтары үшін инфрақұрылым объектілеріне жағдай жасау және оларға қол жеткізу.

4 санат – келесі қызмет түрлерінде жұмысты жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері:

- отбасын нығайтуға, ана мен баланы қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық және өзге де қызметтер;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің, ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, негізгі орта және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын меңгеруде, дамуда және әлеуметтік бейімделуде қиналатын білім алушылар мен тәрбиеленушілерге медициналық және әлеуметтік көмек көрсету;
- әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдардың қызметтер ұсыну сапасын арттыруға бағытталған, осы ұйымдардың қызметкерлері мен еріктілерін (волонтерлерді) оқыту;
- мәдени-ағарту қызметі (Жеке мұражайлар, театрлар, кітапханалар, мұрағаттар, мектеп-студиялар, шығармашылық шеберханалар, ботаникалық және зоологиялық бақтар, мәдениет және халық шығармашылығы үйлері)
- қоршаған ортаны қорғау;
- халықтың әлеуметтік осал топтарына гериатриялық және геронтологиялық көмек көрсету, денсаулық орталықтарын, СӨС бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызмет.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс 1 (облыс әкімдігінің ғимараты) мекенжайы бойынша қабылданады.

Кәсіпкер құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не анық емес деректерді немесе қағидалардың талаптарында белгіленген нысандарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынған жағдайда ұйымдастырушы ұсынылған құжаттарды кәсіпкерге қайтарады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Марат АРАЛБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі *(сенбілік екі нөмір)* күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 19663 Тапсырыс №1402 Кезекші редактор **Назерке САНИЯЗОВА**